



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№26 (1808)
26 маусым
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Америкалық кеңес ынтымақтастыққа мүдделі

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Халықаралық білім беру жөніндегі америкалық кеңестердің құрметті президенті Дэн Дэвидсонмен кездесті.



Тараптар ғылым мен білім саласындағы ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын сөз етіп, ортақ жобалар бойынша қол жеткен жетістіктер мен алдағы жоспарларды талқылады.

Білім ордасының америкалық кеңеспен әріптестігі 2014 жылдан бастау алады. Өзара қол қойылған келісім шеңберінде «Флагман» және «Орыс тілі мен халықаралық дипломатия» бағдарламалары бойынша 340 америкалық студент ҚазҰУ-да білім алды. Орыс тілін тереңдетіп оқудан бөлек, білімгерлер қазақ тілін үйренді, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрі, Қазақстанның көрікті жерлері, тарихи ескерткіштері және табиғатымен танысты. Соңғы үш жылда ҚазҰУ-дың 159 оқытушысы мен студенті

АҚШ университеттерінде оқып, тағылымдамадан өтті. Бүгінгі таңда 20-дан астам студент пен оқушы қарашаңырақтың халықаралық қатынастар факультеті ұйымдастырған онлайн жазғы мектеп аясында білім алуда.

Оқу орнының басшысы елімізде әлемнің жетекші жоғары оқу орындары, зерттеу орталықтары және ғылыми білім беру қорларымен ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше көңіл бөлінетінін атап өтті. Бұл ҚазҰУ-ды әлемдік деңгейдегі зерттеу уни-

верситетіне айналдыруға, оның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және сұранысқа ие жоғары білікті мамандарды даярлауға мүмкіндік беретінін айта келе, ректор қос дипломды білім беру бойынша ынтымақтастықты кеңейтуді ұсынды.

Өз кезегінде Дэн Дэвидсон АҚШ университеттерінің қызметі туралы әңгімелеп, онда ҚазҰУ сынды инновациялық жобаларға басымдық берілетінін және ЖОО-лар ғылыми эзирлеме-

лер мен ізденістердің басты ошағы болып табылатынын мәлімдеді. Қадірменді қонақ Қазақстанның үздік университетімен серіктестікті дамытуға дайын екенін жеткізіп, жемісті ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды дамытуға бағытталған бастама-ларға қолдау білдірді.

Келіссөз соңында тараптар ынтымақтастық бойынша жаңа жоба дайындауға уағдаласты.

Әйгерім
ӘЛІМБЕК

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толуына орай, «Алтын Орда: өркениеттер тоғысында» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Алтын Орда тарихы терең зерттелуі тиіс

Шараның мақсаты – Алтын Орданың әлемдік тарихтағы орнын айшықтау, қазақ мемлекеттілігінің бастауы мен оған қатысты заманауи көзқарастарды талқылау мен зерттеуге бағытталған.

Конференция жұмысына белгілі тарихшы ғалымдар – Б.Көмеков, Мемлекет тарихы институтының директоры Б.Аяған, Т.Омарбеков, Б.Кәрібаев, Назарбаев университетінің профессоры Юлай Шамилбюгу, Гарвард университетінің профессоры Н.Кенжеахмет, тарихшы-реставратор Татьяна Крупа (Украина), Невшехир Хаджи Бекташ Вели университетінен (Түркия) PhD Күбилай Атик, Сегед университетінен (Венгрия) Джихан Шимшек және басқа да ғалымдар қатысты.

Ғылыми жиынды ашқан білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев: «Алтын Орда мен Қазақ хандығының тарихын бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Әлемдегі ең қуатты империялардың бірі болған Алтын Орда тарихы жаңа ғылыми, қоғамдық, идеологиялық бағытта терең зерттелуі тиіс. Тарихи даму барысында халқымыз өз тәуелсіздігіне қол жеткізіп, жаңа Қазақ мемлекетін құрды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан гүлденген, экономикалық қуатты, дүниежүзіне әйгілі мемлекетке айналды», – деп атап өтті.

Жалғасы 2-бетте

Ынтымақтастық меморандумына қол қойды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев пен Төтенше жағдай министрлігіне қарасты «Қазселденқорғау» мемлекеттік мекемесінің төрағасы К.Көкірекбаев ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.



Тараптар өзара идея, ақпарат және технологиялармен алмасу үшін қолайлы жағдайлар жасау, келісілген басым бағыттар мен бағдарламалар шеңберінде бірлескен зерттеулер мен әзірлемелерді ұйымдастыру бойынша екіжақты ынтымақтастықтың негізгі міндеттерін атап өтті. Бұл меморандум білім беру, ғылыми-зерттеу қызметінде және қызметкерлердің біліктілігін арттыруда бірлескен қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ жаңа әзірлемелер мен жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

ЖОО басшысы университеттің Жерді қашықтықтан зондтау орталығының кең мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мамандар нақты деректер алып, барлық сала-

ларда қауіпті табиғи және техногендік құбылыстардың алдын алатын және төтенше жағдайлар кезінде тәуекелдерді барынша азайта алатынын атап өтті. Меморандум аясында қашықтықтан зондтау арқылы мамандар «Ауылды сел мен көшкін қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2020-2022 жылдарға арналған кешенді жоспары» жол картасы жобасымен жұмыс істейтін болады. Кездесу барысында ГАЖ-технологияларды қолдана отырып, қауіпті учаскелер мен мореналық-мұздық көлдерге автоматтандырылған мониторинг жүйесін ұйымдастыруға баса назар аударылды.

«Қазселденқорғау» ММ төрағасы К.Көкірекбаев «Қазселденқорғау» қызметі (сел,

тасқын, қар көшкіні) халықты, шаруашылық объектілерін және ҚР аумағын қауіпті табиғи құбылыстардың әсерінен сенімді қорғауды қамтамасыз етумен айналысатынын айтты. Таулы аймақтар ел аумағының шамамен 15 пайызын алып жатыр. Көптеген елді мекендер, оның ішінде Алматы, Шымкент, Тараз, Есік, Талғар, Қаскелен, Сарқан, Жаркент, Текелі, Меркі және

басқа да (150-ден астам) аймақтарға қауіп-қатер бар. Қауіпті табиғи құбылыстардың әсер етуі ықтимал аймақтарда 4 миллионнан астам адам мекендейді. Сондықтан да Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қол қойылған меморандум қоғамға ғана емес, елге де пайдасы зор болмақ.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Халықаралық түркі академиясы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Түркітану саласын бірлесіп дамытуға уағдаласты

Салтанатты рәсімге ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, Халықаралық түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, көрнекті түрколог Осман Фикри Серткая, Әзірбайжан Республикасының танымал ғалымы Абулфаз Кулиев, университетіміздің жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры Жанғара Дәдебаев және басқа да белгілі ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Жалғасы 2-бетте



Смағұл ЕЛУБАЕВ:
**УНИВЕРСИТЕТТЕ
ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТ
ҚАЛЫПТАСАДЫ**

3



ШЫҢҒЫС ЕРГӨБЕК:
**ТӘУЕЛСІЗДІК
ЖЫЛДАРЫ ОТАНДЫҚ
САЯСАТТАНУДЫҢ НЕГІЗІ
ҚАЛАНДЫ**

4



**БАЛҚАШТАҒЫ
«БӘСЕКЕ»:
ЭКОНОМИКА
V/S ЭКОЛОГИЯ**

6

Алтын Орда тарихы терең зерттелуі тиіс



Соңы. Басы 1-бетте

Универсиет басшысы сондай-ақ Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласындағы «Мемлекеттік идеясы әрдайым көркем және деректі тарихи шығармаларда көрініс табуы керек. Тиісті тарихи құжаттар мен жиналған мәліметтер мұқият зерттелуі керек. Бұл – ұлт шежіресін дәріптеу тұрғысынан стратегиялық маңызы бар мәселе. Ұлттық мүддеге жазылған шежіре болашақ ұрпақтың санасын оятады және ұлт жадын жандандырады» деген сөздерді тілге тиек етіп, «Біздің мақсатымыз – қазақтың тарихын жас ұрпаққа жеткізіп, санасына сіңіру», – деді.

Ел тарихындағы Алтын Орда кезеңіне сипаттама берген тарих ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Берекет Кәрібаев Алтын Орда Еуразияның далалық аумағында XIII ғасырдың басынан XVI ғасырдың алғашқы жылына дейін өмір сүрген алып империя екенін атап өтті. Сондай-ақ профессор қазіргі таңда Алтын Орданың құрамынан бөлінген елдердің арасынан жалғыз қазақ халқы ғана дербес мемлекет болып қалыптасқанына тоқталды.

Сыр бойындағы Алтын Орда дәуірінің ескерткіштері бойынша баяндама жасаған профессор Мадияр Елеуов Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық саяхатшылардың еңбектерінде көрсетілген Асанас, Жент, Баршынкент сияқты көне қалаларға толыққанды зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттігін алға тартты. «Бұл аталған қалаларда археоло-

гиялық ғылыми-зерттеулер жүргізу арқылы тарихымыздың ақтаңдақ тұстарын анықтап, Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысындағы қалалық мәдениеттің және ортағасырлық өркениетке қатысты жаңа беттердің аражігін ашуға толық мүмкіндік болады», – дейді ғалым Мадияр Елеуов.

Жиын барысында ғалымдар археологиялық зерттеулер, соның ішінде Жошы ұлысының, Ноғай ордасы мен Қазақ хандығының рухани астанасы болған Сарайшық қаласына және қазіргі уақытта қазба жұмыстары жүргізіліп жатқан Сыр бойындағы ірі сауда және қолөнер орталығы болған Қышқалаға қатысты ой-пікірлерін ортаға салды.

Конференция барысында Болған ана кесенесінен табылған киімдерді реставрациялау жұмыстары кезінде алтынордалықтардың күнделікті өмірі мен тұрмысына жасалған талдаулар нәтижесі мен Еуразия құрлығындағы саяси, мәдени және әлеуметтік тарихты зерттеудің заманауи бағыттары таныстырылды.

Жиын соңында Алтын Орда, Жошы ұлысының қазақ мемлекеттілігі мен қазақ халқының қалыптасуындағы маңызды тарихи рөлін ескере отырып, ҚазҰУ базасында Жошы ұлысы мен Қазақ хандығы тарихын зерттеуге арналған ғылыми-зерттеу орталығын ашу, ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеуші жас мамандарды даярлау ісін қолға алу, осы мамандыққа білім беру гранттарының санын арттыру бойынша Білім және ғылым министрлігіне ұсыныс енгізуге қатысты қарар қабылданды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Түркітану саласын бірлесіп дамытуға уағдаласты



Соңы. Басы 1-бетте

Салтанатты жиында сөз алған білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев: «Бүгінде елімізде түркология мамандарының легін даярлайтын ҚазҰУ-мен әріптестік орнату Еуразия кеңістігінде түркология ғылымының серпінді дамуына негіз болады», – дей келе, Халықаралық түркі академиясы-

ның ерекше маңыздылығына тоқталып, атқарып отырған ауқымды жұмыстарына үлкен баға берді.

Тараптар ғылым саласында өзара тиімді әріптестік байланыстарды нығайтуға уағдаласып, түркітану саласын бірлесіп дамыту бойынша арнайы келісімге келді. Меморандум қос тарапқа ғылым саласында келісілген тақырыптар бойынша ортақ іс-шаралар ұйымдастыруға, қызметкерлердің өзара тәжірибе алмасуына, ғылым саласындағы маңызды ақпараттар мен жарияланымдарды бөлісіп отыруға, бірлескен семинарлар мен тренингтер өткізуге мүмкіндік берді.

Аталған меморандум аясында алдағы уақытта ҚазҰУ студенттері мен ізденушілері Халықаралық түркі академиясында ғылыми тағалымдамадан өтетін болады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Халықаралық жоғары мектебі ҒА академигі, химия ғылымының докторы, профессор Зұлқайыр Мансұровтың 75 жылдық мерейтойына және ғылыми-педагогикалық қызметінің 55 жылдығына арналған дөңгелек үстел өтті.

Академиктің айтулы күні

«Қазақстандағы химиялық физика және нанотехнологияның дамуы» тақырыбында өткен ауқымды шараға белгілі отандық және шетелдік ғалымдар, ЖОО басшылары мен академиялық орта өкілдері қатысты.

Білім ордасының бірінші проректоры м.а. Қанатбек Мұқанов ғалымды мерейлі жасымен құттықтап, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың жылы лебізін жеткізді. Мерейтой иесінің ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет ете жүріп, қайраткер тұлға ретінде университеттің дамуына орасан зор үлес қосқанын атап көрсетті.

Салтанатты басқосуда ҚазҰУ-дың «Фиратты ғұмыр» сериясының алғашқы шығарылымы – Зұлқайыр Мансұровқа арналған кітаптың тұсауы кесілді. Өскекең жастар үшін өнеге мектебі болатын өресі биік тұлға жайлы еңбекте ғалымның өмірі мен шығармашылығы кеңінен баяндалған.



Мерейтой иесіне білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов өз құттықтауын жолдады. Жиында ҚР БҒМ атынан ғалымға «Еңбек ардагері» медалі тапсырылды.

Сондай-ақ кемеңгер тұлғаны Жану мәселелері институтының құрметті директоры Георгий Ксандопуло мен бас директоры Тілек Кетегенов, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бақытжан Жұмағұлов, ҚБТУ ректорының м.а. Маратбек Ғабдуллин, SATBAYEV UNIVERSITY басқарма төрағасының бірінші орынбасары – корпоративтік даму жөніндегі проректор Ержан Күлдеев,

құттықтап, ыстық ықыластарын білдірді.

Зұлқайыр Мансұров – «Ғылым мен нанотехнологияның дамуына қосқан үлесі үшін» ЮНЕСКО-ның беделді марапатын алған Қазақстанның тұңғыш ғалымы. Ол мыңдаған ғылыми мақала, баяндамалар мен тезистер, 39 оқу құралы мен монографиялардың, 30-дан астам КСРО мен ҚР авторлық куәлік және патенттерінің иегері. Ғалымның жетекшілігімен сегіз ғылым докторы, 39 ғылым кандидаты, 10 PhD докторы диссертация қорғады.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Түркі жазба ескерткіштерін зерттеген ғалым

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде белгілі түрколог ғалым Ғұбайдолла Айдаровтың туғанына 100 жыл толуына орай, «Түркітану және Ғұбайдолла Айдаров» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция өтті.

Білім ордасы мен Халықаралық түркі академиясы бірлесе өткізген ауқымды шара аясында ғалымның осыдан 50 жыл бұрын басылып, қазіргі таңда табыла бермейтін сирек кітапқа айналған «Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века» атты кітабының тұсауы кесілді. Жаңа басылым Орхон өзені аңғарынан табылған көне түркі жазба ескерткіштері тілін фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан жан-жақты талдап, қазіргі түркі халықтары тілдерімен сабақтастығын ашып көрсетеді.

Алқалы жиында сөз алған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев негізінен түркі жазба ескерткіштерін зерттеген ғалым еңбектерінің мәні мен маңыздылығына тоқталды. «Сан қатпарлы тарихтың тылсым сырын ашқан сыңдарлы ғалымның ғылыми мұрасы, жазған еңбектері бүгінде баға жетпес құндылық екенін мойындауымыз керек. Ол – түркітанушы, тіл ғылымының түркология саласында өзіндік зерттеу мектебін ашып, ісі қазақтың жаратылысындағы өркениеттің, жазба тарихының тым әріден бастау алатынын дәлелдеп берген ғалым-зерттеуші», – дей келе, ректор Ғұбайдолла Айдаровтың осыдан он ғасыр бұрын тасқа таңаланған Орхон-Енисей, Күлттегін, Тонькөк жазуларының құпиясын алғашқылардың бірі



болып ашқанын, келешекке аманат етуге өлшеусіз еңбек сіңіргенін ерекше атады.

Тіл ғылымының тың әрі күрделі саласын түбегейлі зерттеген қазақ ғалымы жайлы басқосуда Халықаралық түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, көрнекті түрколог Осман Фикри Серткая, Әзірбайжан Республикасы Парламентінің депутаты Низами Джафаров, Қырғызстанның Манас атындағы университетінің профессоры Қадырәлі Қоңқобаев, Ресей ҒА Уфа ғылыми орталығы Тарих, тіл, әдебиет зерттеу институтының ғылыми жетекшісі Фирдаус Хисамитдинова, ҚазҰУ-дың Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры Жанғара Дәдебаев, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжанова, Ғ.Айдаровтың жары, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Балжан Сәмиғоллақызы, сонымен қатар танымал ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері іргелі ой айтып, пікір білдірді.

Жиында белгілі түркітанушының ғылыми мұрасы, қайраткерлік қыры, түркітану ғылымындағы орны кеңінен сөз болды. Сөз сөйлеушілер ғалымның талмай ізденіп, Қазақстанның барлық аймақтарын, оның ішінде өзінің кіндік қаны тамған Маңғыстаудың тау-тасында,

Моңғолия, Ресей Алтайының көне қорымдарында жатқан байырғы мұралардан қазақ халқының қазіргі тілінің қалыптасу сатыларына сәуле түсіргенін айтты. Ол қазақтың ұлы ғалымдары – Ә.Марғұлан, А.Медоев, Қ.Сәтбаев жетекшілік жасаған ғылыми экспедициялар құрамында зерттеу жүргізді. Нәтижесінде «Ескі түркі жазуы Орхон-Енисей ескерткіштерінде», «Білге қаған тілі», «Тонькөк», «Құлшора», «Құтлұғ-қаған», «Мойын Чор», «Орхон-Енисей жазуларының әдебиеттер көрсеткіші», «Орхон ескерткіштері» атты зерделі еңбектер жазып, түркология ғылымына соны ой, жаңа тұжырымдар қосты.

Ғалымның еңбектері бүгінде еліміздегі жоғары оқу орындарынан бөлек, Берлин, София университеттері мен Түркия, Әзірбайжан, Түрікменстан, Өзбекстан жоғары оқу орындарында арнайы сабақ ретінде өткізіліп келеді.

Ғұбайдолла Айдаров түркі-тілдес халықтардың түбі бір туыстығын, қазіргі қазақ тілінің негізі біздің дәуірімізден көп бұрын қалыптасқанын, тіпті жазба әдебиетінің де нұсқалары сол есте жоқ ескі дәуірлердің өзінде-ақ болғанын нақты дәйектермен дәлелдеп берген дарабоз ғалым екені атап көрсетілді.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

– Смағұл аға, ҚазҰУ-да өткен студент шақтағы жарқын естеліктеріңізбен бөліссеніз.

– Біз Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1971 жылы бітірген түлектеріміз. Университетке 1966 жылы оқуға түстік. Ол кезде оқу ордасының ғимараты ескі алаңдағы қазіргі Т.Жүргенов академиясы орналасқан ғимаратта болатын. Ұстаздарымнан әлі күнге дейін есімнен еш кетпейтіні, ең бірінші – академик Зейнолла Қабдолов, содан кейін ғалым Мырзатай Жолдасбеков. Әсіресе оқуға түскен кезде осы үлкен ұстаздардың алдынан өттік. Тағы басқа да ұстаздар біздің тұлға болып қалыптасуымызға үлкен әсер етті. Мінеки, әлі күнге дейін ескі болғанына қарамастан, осы ғимарат біз үшін өте ыстық болып көрінеді.

Бүгінде мен Т.Жүргенов академиясының профессорымын, сол ғимаратта сабақ беремін. Біз ҚазҰУ-да бес жыл оқып, сол аралықта мынаны байқадық: адам мектептен білімнің негізін алса, ал енді университетке оқуға түскенде тұлғалық негізі қалыптаса бастайды екен. Осылайша университет «Боламын деген баланың» тұлғалық іргетасын қалыптастырады. Адам өміріндегі университеттің ерекшелігі осында жатса керек. Бүгінде осы ойға тоқтап жүрген жайымыз бар.

Сонау біз оқыған журналистика факультетінен түлеп ұшқан талантты журналистер, қаламгерлер бүгінгі таңда халыққа танылып, еңбегі сіңген, ел арасында жоғары беделге ие. Мәселен, атап айтар болсақ, белгілі жазушы Жақау Дәуренбеков, ақын Шәмшібай Сариев, жазушы, драматургтер – Сұлтанәлі Балғабай мен Баққожа Мұқай, журналистер – Жоламан Бошалақов, Гүлжауһар Сейітжанова, Дәулет Сейеновтер курстастарымыз болды. Бұлар журналистика, қаламгерлік саласында үлкен жетістіктерге жетті. Университет қабырғасында жастардың тұлғалық іргетасы қаланады деп отырғанымыз да содан. Өйткені жастардың болашақта кім болып қалыптасатыны сол университет қабырғасында-ақ белгілі болады.

Биыл оқу бітіргенімізге 50 жыл толып отыр. Осы орайда, ЖОО-лардың қарашанырағы – ҚазҰУ-ға қашанда қарыздармыз әрі айтар алғысымыз мол. Себебі адам өміріндегі университет кезеңдері көңілден кетпес, қаперден өшпес жарқын естеліктерге толы, қызықты жылдар. Ол кездер еш уақытта ұмытылмақ емес. «Университет» деген кезде біздің көз алдымызға алдымен асыл ұстаздарымыз әрі олардың берген тәлім-тәрбиелері немесе курстастарымыз елестейтіні де содан. Ал енді ұстаздарымызға айтар алғысымыз айрықша.

– Ұлағатты ұстаздарыңыздан қандай өмірлік азық, өнеге алдыңыз?

– Журналистика факультетіне көбіне сол студенттік кезге дейін қалам тартқан балалар түскенбіз. Бірақ олардың кім болып қалыптасатыны, қалай дамитыны белгісіз еді. Мінеки, осы балалардың дұрыс жолға түсуіне, қаламгерлікті таңдауына және қандай үлкен принциптерді ұстануына әсер еткен тұлғалардың бірі немесе бірегейі ұстазымыз Зейнолла Қабдолов еді. Мен сол кісінің жұбайы Сәуле апайдың мектептегі шәкірті болатынымын. Мектептің соңғы жылдары апайым қолымнан жетектеп апарып: «Мына кісі сенің ағаң болады», – деп, Зейнолла ағамызбен таныстырғанды. Сол кезден бастап мен жазғансызғанымыз ағамызға оқытып, ақыл-кеңестерін естіп тұратын болдым. Мінеки, осыдан шығатын



Смағұл ЕЛУБАЕВ, жазушы, кинодраматург:

Университетте тұлғалық қасиет қалыптасады

қорытынды: шәкірттің тұлғалық дамуына, кемелденуіне, өмірлік жолының қалыптасуына жақсы ұстаздың сөзсіз әсері мен ықпалы көп. Басқа да ұстаздарымыз біздің аяққа тұруымызға, адаспай, шалыс қадам баспауымызға балаң күннен үлкен әсер етті.

– Смағұл аға, журналистика факультетінде оқып жүрген кезіңізде қабырға газетіне «Бұралқы» деген әңгімеңіз жарияланып, көп ұзамай факультетте әлгі әңгімені талқылау жиналысы өтті. «Бұл әңгіме Кеңес өкіметіне қарсы жазылған. Смағұлдың «қанғыбас ит» деп меңзегені кім? Кеңес адамын бұралқы итке теңеп отыр», – деп біраз әурелеп, тіпті өзіңізге сөгіс берген екен. Осы оқиғаны таратып айтып беріңізші.

– Бұл оқиға белгілі сатирик Темірбек Қожакеевтің декан кезінде болды. Жастар жарысып әңгіме жазатынбыз. Қабырға газетіне шығармақ болып, әңгіме сұратқан. Мен әлгі «Бұралқы» деген әңгімеді ұсындым. Ол қабырға газетіне жарияланды. Содан соң бір күні мені жиналысқа шақырды. «Не боп қалды екен?» деп барсам, әңгімеді «Кеңес өкіметіне қарсы жазылған» деп талқыға салып жатыр. Әңгіме Бұралқы деген қаншық ит жайында болатын. «Бұл бала кеңес адамын бұралқы итке теңеп отыр», – деп, партия ұйымы мені жиналысқа салды. Осы оқиғадан кейін журналистика факультетінің комсомол ұйымының хатшылығынан түсіріп тастады. Қайта-қайта жиналыс жасады. Солардың бәріне КГБ-ның адамдары қатысып отырыпты.

Әрине, олар менің өзіме тікелей шыққан жоқ. Бірақ олардың келіп, тындап отырғандарын кейін естіп-білдім. Партия ұйымы осыған байланысты тағы да бір жиналыс болады деп хабарлағанда: «Енді сол әңгімені талқылауды қоймасаңыздар, ұстазым Зейнолла Қабдоловты шақырамын. Сол кісі осы талқыға төрелік

етсін. Ал сіздердің айыптауларыңыз бен талқыларыңызға иланбаймын», – дедім. Ағамыздың абыройының арқасында содан соң жиналыс болған жоқ. Осы оқиғадан кейін қабырға газетін жыртып алып тастапты-мыс. Бұл мәселенің мән-жайы осындай.

– Әңгімеңізге неге сонша шүйлікті екен?

– Жалпы, адамдардың санасындағы 1937 жылдардағы дауыл, үрей әлі тына қоймаған заман болатын. Секемшілдік, бір-бірін ұстап беру, сатып кету, итжеккенге айдап жіберу іспетті сипаттар сол кезеңнен қалған базбір адамдардың бойынан табылатын. Мінеки, солардың бір әңгімеге бола ұйымдастырып жүргені.

– Студент кездің өзінде халқымыздың басынан кешкен зұлмат жылдар туралы ой түйіп, қасіретті жылдар жайлы қалам тербеуді мақсат еткен секілдісіз. Баршаға мәлім «Ақ боз үй» романын жазуды қай кезден бастап қолға алдыңыз?

– Менің әңгімелерім мектеп қабырғасында жүргенде-ақ республикалық газеттерде жарияланатын. Біз Голлошкенин кезінде тарыдай шашылып кеткен қазақтардың қатардағы ауылында өстік. Жұртымыз үстірт асып, әр жерге көшіп, ашаршылыққа ұрынды. Қайтерін білмей, ары қарай Ауғанстанға немесе Иранға өтейін деп тұрған жерінде шекара жабылып, Түрікменстанда тұрақтап қалды. Міне, шырағым, біз сол елдің ұрпағымыз. Сол жақта өмірге келіп, өсіп-өндік. Сөйтсем, өз ауылымның тағдыр-талайы бүкіл халықтың тарихы, күллі қазақтың бастан кешкен зұлматы екен. Өкінішке қарай, тарихты оқытып отырған оқулықтарымызда ол оқиғалар туралы жазылмай, мектептерде, университеттерде ол жайлы айтылмайды. Бұған біз қайран қалып, бұл өтірікті сол кездегі өкіметтің саясаты жасап отырғанын білген соң, жалғандықтың бетпердесін сыпырайын деген

оймен роман жазуды ойластырдым.

Романның схемасын, кейіпкерлерін, концепциясын, тілін қағазға түсіре бастадым. Жоспарын солайша құрып шықтым. Бірақ көп ұзамай, университетті бітіретін кезде бір нәрсені түсіндім. Сол бір күрделі заманды қағазға көркемдеп жеткізу оңай емес екен. Бұл студенттің қолынан келмейтінін, оның қанжығасына қыстыра алмайтын ауыр шоқпар екенін ұқтым. Сондықтан оны кейінге қалдырдым. Мінеки, бүгінде біз сол жоспарды, яғни Кеңес өкіметінің қазақ халқына жасаған қылмысын ашу жолындағы күресті әлі тоқтатқан жоқпыз. Кейін ойға алған ісім орындалып, 1985 жылы «Ақ боз үй» романын жазып шықтым. Онда XX ғасырдың 20-жылдарының аяғы, 30-жылдардың бас кезіндегі халық басынан кешкен ауыр ахуал, жаппай аштыққа ұшыраған кезең қамтылды. Ол заманда жазылмайтын, жазуға болмайтын тақырыпты біз жаздық. Әрине, ол кезде жарияланбады, басылмады. Тек Кеңес өкіметі құлағаннан кейін ғана жарық көрді. Міне, содан бері сол тақырыпты әлі көтеріп келеміз.

– Осы тақырыпты тағы басқа қандай қырынан ашып жатырсыздар?

– Қазіргі таңда мен Маңғыстауда жүрмін. «Ақ боз үй» романының желісі бойынша кино түсірілімін қолға алғанбыз. Мемлекет басшысы осы жобаға қолдау көрсетіп, фильмді түсірудеміз. Құдай қаласа, таяуда Алматыға қайтамыз. Ол жақта да түсірілім жалғасын табады. Айтпағым, сол кезең қазақ халқына жасалған тарихтағы ең ауыр қылмыс. Сол қылмыстың бетпердесін ашу жолында кітап шығарып, кино түсіріп жатырмыз. Осының бәрі тәуелсіздігіміздің арқасында мүмкін болды. Кеңес Одағы құламаса, енді біздің орнымыз Теміртаудың ар жағында қалып, кітап та шықпай, кино да түсірілмей қалатын

ба еді... Сондықтан тәуелсіздікке басымызды иіп, тәу етеміз. Мінеки, биыл 30 жылдықтың аясында 1921 жылғы ашаршылыққа – 100, 1931 жылғы ашаршылыққа 90 жыл толып отыр. Соның құрметіне осы киножобаға сценарист ретінде қатысып жатырмын. Оны түсіріп жатқан – ғалым Бекарыс Елубаев.

– Көзіқарақты көрермен осы бір жаңалықты естіп, сүйікті романы көгілдір экраннан қашан көрсетіледі деп тағатсыздана күтіп жүргені анық. Кино жобасын қолға алу идеясы қашан келді?

– Шынтуайтына келгенде, бізді осы сұрақ көптен бері толғандырып келіп еді. Кино өнерінің өзіндік бір заңдылықтары болғанындай, әдебиеттің де өзіне тән заңдылықтары бар. Егер кілтін таппаса, кез келген әдеби шығарма экранда өзінің болмысын сақтап шыға алмайды. Сол себепті «Ақ боз үйді» экрандауға дайындығым отыз жылға созылды деуге болады. Отыз жыл бойы көрерменге қалай жеткізсем екен деп

толғанумен жүрдім. Тіптен кейбір режиссер бауыр-ағаларым: «Театрға осы романның желісі бойынша спектакль жазып берші», – деген кезде амалсыз бас тартқанмын. Өйткені кілтін таппастан, сырын білместен, әйтеуір, тек шықса болды екен деп жаза салсам, ертеңгі күні көрермен көңілінен шықпай, бір-екі жылда сахнадан түсіп қалатын дүние болады. Сол себепті әр нәрсенің бір кілті, бабы табылуы керек. Сол кілтті мен осыдан екі жыл бұрын таптым, ол – романның түгел материалы емес, тек қана соңғы бөлімі, ашаршылыққа ұрындыратын «Фарасат майданы» деген тарауы ғана.

Сол тарауды экрандауды құбақұп көрдім. Неге десеңіз, соңғы тарауы арқылы 1932 жылдары өткен сұмдық алапат, зұлматтың бет-бейнесін аша аламыз деген тұжырымға келдік. Сол бағытта сценарий де жазылды. Құдай қаласа, түсірілім санаулы күнде аяқталып қалады. Халықтың назарына жаңа жылдан кейін ұсынылады деген ойдамын. Ал енді одан бөлек, өзге де жоба-жоспарларымыз толып жатыр.

– Қазіргі таңда білім алып жатқан студенттерге, университет ұжымына айтар тілегіңіз болса...

– Оқу бітіруші жастарға айтар жалғыз кеңесім – қарашаңырағымызды қадірлеп, ең болмағанда мерейтойларда бас қосып тұрса екен деймін. Бүгінде ақсақал, кейуана болып қалған түлектерді, мына дүниеде жоқ ұстаздарымызды ұмытпаса, еңбегі сіңген сол жандардың аттарын атап, әрдайым еске алып отырса екен. Университетіміз ардагер түлектерге көңіл бөліп, назар аударып жатыр. Оқу бітіргенімізге 50 жыл толуына байланысты конференция ұйымдастырған азаматтарға және университеттің ректорынан бастап, барлық ұжымға алғысым зор.

Сұхбаттасқан Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

Адам өмірінде тұтас бір дәуір секілді көрінетін өткен 30 жыл мемлекеттік тұрғыдан алып қарағанда азғантай ғана уақыт. Жаһандық деңгейде қарастырғанда бұл сандар үлкен мәнге ие болуы да неғайбіл. Бірақ жүздеген жылдарға созылған бодандықтан босанған халық үшін бұл маңызды көрсеткіш. Мемлекеттің кемелдігін қамтамасыз ету үшін адам ресурстарының орнықты дамуына жағдай жасалуы керек. Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте адам ресурсының сапасына және жаңа саяси-экономикалық жағдайда жылдам бағдар алып, заман талабына икемделе алуында жатыр. Ал бұл үшін сапалы білім беру жүйесін кемелдендіріп қана қоймай, оның заман талабына икемділігі мен қарқынды дамуын қамтамасыз ету керек. Сондықтан да болар, білім беру саласының бәсекелестігін қалыптастыруда қоғамдық аккредитацияның алатын орны ерекше.

ШЫҢҒЫС ЕРГӨБЕК, заң ғылымының кандидаты,
қауымдастырылған профессор:

Тәуелсіздік жылдары Отандық саясаттанудың негізі қаланды

Бүгінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің білім беру бағдарламаларының дені халықаралық аккредиттеу агенттіктерінен аккредитациядан өтті. Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасы да бұл үдерістен тыс қалмады. Әлемнің жетекші ACQUIN, FIBAA секілді агенттіктерінен аккредитациядан өтіп, білім беру бағдарламаларының халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете алды. Бұдан бөлек, соңғы уақытта өзектілігі жоғарылап келе жатқан академиялық автономия мәселесін қосыңыздар. Академиялық автономия тек еркіндік қана емес, үлкен жауапкершілік. Осы екі бастама еркіндік пен жауапкершілікті ұштастыра отырып, заманауи білім беру бағдарламаларын құруға жол ашты.

Отыз жыл ғылым бағыттарын қалыптастыру үшін де үлкен бір кезең деу қиын. Осы уақытқа дейін философия және саясаттану факультеті, оның ішінде Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының негізгі жеткен жетістіктері, ол – отандық саясаттанудың негізін қалауда жатыр. Ескіден – Кеңес өкіметінен шыққан саясаттану ғылымын түрлендіріп, оған заманауи келбет берді. Заманауи ғылыми зерттеулерге арқа сүйейтін, жаңа технологияларды, жаңа техникаларды және жаңа теориялық ілімдерді түрлендіре отырып, бүгінгі күні кафедра өзге елдердің ешбірінен кем түспейтін саясаттану бағытының негізін қалады. Мәселен, «Конфликтология», «Саяси имиджелогия» т.б. одан өзге халықаралық қатынастар бағытындағы және аймақтық қауіпсіздік бағытындағы мәселелерді талқылайтын жекелеген білім беру бағдарламалары да жүзеге асырылуда.

Бүгінде Қазақ ұлттық университетінің саясаттану мектебі Қазақстанда теңдесі жоқ іргелі ғылыми зерттеулердің ордасына айналып отыр. Әрі бүгінде саясаттану ғылымының негізгі трендтер мен негізгі бағыттарды айқындайтын ең келелі, тамыры тереңге жайылған орталықтардың бірі. Осы уақытқа дейін «Саясаттану негіздерінен» бастап, «Саяси құқықтық ілімдердің тарихы», «Саясаттану», «Саясаттануға кіріспе» т.б. оқулықтарымен қатар, 100 жаңа оқулық жобасының шеңберінде редакторларымыз әлемдік бестселлерлерді қазақ тіліне аударды. Философиялық, әлеуметтану,

саясаттану бағыттары бойынша әлемдік деңгейде мойындалған әдебиеттерді, мысалы «Философия негіздері», «Философия ғылымына кіріспе», «Социология және философияның қысқаша тарихы», «Адамзаттың қысқаша тарихы» секілді іргелі еңбектерді аударуда біздің факультеттің сіңірген еңбегі зор. Бүгінде саясаттану бағыты бойынша «Қазақ саясаттану ғылымының классикасы» деп айтуға тұрарлық негізгі оқулықтар, негізгі зерделенген ғылыми жаңалықтардың көпшілігі біздің факультет пен кафедрадан шығып отыр деуге болады.

Кафедра ұжымы бүгінгі күнге дейін жүздеген үлкен монографиялардың авторы атанып отыр. Олардың ішінде әртүрлі саяси процестерге, сыртқы интеграциялық проблемаларға және ішкі саясаттағы элитологиядан бастап, діни мәселелер арасындағы кең ауқымды қамтып жатқан сұрақтардың барлығына жауап іздейді. Менің өзім көп жағдайда сол саяси транзитология мәселесімен айналысамын. Саяси транзитология – бұл жүйелі өзгерістердің барысындағы саяси үдерістің өзгеруін зерттеуге бағытталған ғылымның айтарлықтай жаңа бір саласы. Міне, сондықтан біздің қазіргі соңғы отыз жылдағы саяси процесімиздің барлығы дерлік саяси транзитологтардың тарапынан өте терең саралану үстінде.

Кафедра көлемінде ғана емес, республикалық көлемдегі маңызды жаңалықтардың бірі – «Конфликтология» білім беру бағдарламасының құрылуы. Кез келген ел болашағын бағдарлау үшін тек өткенін саралап қана қоймай, бүгінгі ішкі болуы мүмкін қайшылықтарға да баға бере алуы керек. Ал бұл миссия жоғарыда аталған мамандық иелерінің еншісіне тиесілі. Әлемдегі жетекші жоғары оқу орындарының тәжірибесін ескере отырып құрылған бұл бағдарлама Қазақстан үшін ерекше маңызды, этникааралық, саяси, әлеуметтік мәселелерді қарастырады. Ішкі ықтимал зерттеулермен шектеліп қана қоймай, халықаралық аренада орын алуы мүмкін қақтығыстарға да мән беріп келеді.

Бүгінде кафедра бағыты заманауи білім беру бағдарламаларымен толығуда. Кафедрамыз барлық іргелі ғылыми-зерттеу орталықтары мен жетекші жоғары оқу орындарын қамтиды. Шетелдік әріптес жоғары оқу орындарынан саясаттану сала-

сының жетекші мамандары шақырылып, олардан тәлім алған тәлімгерлер жаңа білім көкжиектерін бағындыруда. Бұл кафедра үшін академиялық ұтқырлық мүмкіндіктерін ғана емес, кафедра докторанттары үшін тағлымдамадан өтуі үшін маңызды жағдай жасады.

Расымен де, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасы қазіргі кезде халықаралық деңгейде өзін мойындата алған үлкен білім ордаларының біріне айналып отыр. Тек іргелі зерттеулердің шеңберінде, кафедра көлемінде жүзеге асырылып жатқан жобалар да бар. Алдыңғы жылдары кафедрамызда он шақты іргелі зерттеулер жүзеге асырылған. Бұл жобалар мен зерттеулер ішкі саяси процесті талдауды, ішкі саяси процестің сыртқы саясатқа ықпалын айқындауды, ішкі саяси процестерге деген сураныстың әлеуметтік негіздері мен әлеуметтану мен саясаттанудың шегіндегі дүниелерді, сондай-ақ этникааралық және ұлтаралық татулық мәселелерін, әлеуметтік татулық пен тұтастықты сақтау т.б. бағыттағы мәселелерді толық қамтиды. Әрі халықаралық конференцияларда біздің профессорларымыз халықаралық қауымдастық тарапынан үлкен суранысқа ие. Мәселен, кафедра меңгерушісі, профессор Гүлнар Насимова тұрақты түрде Израиль, АҚШ, Қытай, Үндістан және өзге де шетелдерге лекция оқуға шақырылатын тұлға. Дәл осындай мәртебеге ие біздің бірнеше ірі ғалымдарымыз бар. Демек, мемлекет тарапынан туындап жатқан барлық саяси, әлеуметтік сараптамаға деген сураныстарды қамтамасыз ете алатын іргелі орталықтардың барлығы кафедрамызбен өте тығыз байланыста және осы уақытта көптеген іргелі зерттеулерді бірге жалғастырудамыз.

АҚШ-тағы Санта-Барбара қаласының Калифорния университетімен, Германияның Киль, Гамбург университеттерімен өте тығыз байланыстамыз. Қытайдағы Шанхай, Пекин университеттері біздің әріптестерімізбен ғылым-білім тұрғысынан қарым-қатынаста. Дәстүрлі түрде Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтымен, Мәскеу мемлекеттік университетімен және Халықтар достығы университеттерімен өте тығыз байланыстамыз. Бұл оқу орындарының



қай-қайсысымен де бірге даму-дамыз. Сондай-ақ ортаазиялық зерттеулер, аймақтық зерттеулер және аймақтық қауіпсіздік мәселелері біздің бағыттарымыздың бірі. Бұл бағытта Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстандағы әріптестерімізбен шығармашылық байланыс орнатылған.

Кафедра азаматтық қоғам құрудың маңыздылығын ескере отырып, үкіметтік емес сектормен ынтымақтастығын орнатуға да маңызды орын береді. Кафедра әріптестерінің қатарында Қазақстан саясаттанушылар одағын, «Сорос» қорын, «Фридрих Эберт» қорын, «Стратегия» қоғамдық қорын, сондай-ақ өзге де қоғамдық ұйымдарды айтуға болады. Бұл сектормен орнатылған тығыз байланыс ғылыми сараптаманың сапалық деңгейін көтеріп, кәсіби қауымдастықпен байланыстарды арттыруда. Соңғы жылдары «Фридрих Эберт» қорымен ынтымақтастық нәтижесінде PhD Welt қоғамдық сараптамалық орталығы ашылды. Кафедра докторанттары орталықта заманауи саяси тенденцияларды сараптау мүмкіндігіне ие болып отыр.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы кафедраның және факультеттің тұрақты назарында. Өзге бағыттарды қарастырмағанда, «100 жаңа оқулық» бағдарламасының шеңберінде факультет ұстаздары 30-дан астам еңбектің ғылыми редакциясына атсалысты. Бұл да, әрине, ауыз толтырып айтарлық жетістік. Күрделі саяси ахуал жағдайында өмір сүріп жатқан ел үшін идеологиялық бағытта қарымды еңбектерді аударып, онымен өскелең ұрпақты сусындату бүгінгі күні де ерекше маңызға ие. Бұл бағытта оқулықтарды аударып, оларды ғылыми редакциялау ғана емес, бағдарлама шеңберінде аударылған оқулықтарды білім беру бағдарламаларына енгізу де маңызды. Осы ретте факультеттің де, кафедраның да осы оқулықтардың негізінде пәндер мазмұнын жаңғыртуы Қазақстанның жетекші жоғары оқу орнынан түлеп ұшатын, жаңа буын мамандарының қалыптасуына ерекше ықпал еткенін айта кеткен жөн.

Біздің факультетіміздің шәкірттері, соның ішінде ғылыми дәрежесін бізден алған тәлімгерлер Президент әкімшілігінде, одан қалды, министрлер кабинетінде т.б. өздерінің белгілі бір орындарын алып отыр. Алысқа барудың қажеті жоқ. Мысалы,

біздің келелі ұстаздарымыздың бірі Марат Тәжин ұзақ уақыт Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары болды. Қазір Қазақстан Республикасының Чех Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі қызметінде. Біздің кафедрада аспирантурада оқыған Ерлан Қарин мырза бүгінде ҚР Президентінің кеңесшісі қызметінде. Баспасөз хатшысы қызметінен бастап, саяси имиджелогияны қалыптастырып жүрген тұлғалардың дені біздің кафедра мен факультеттер түлектері.

Қазіргі таңда кафедра өте кең көлемді зерттеу аралдарымен айналысып жатыр. Тек ішкі саясатпен шектеліп қалмай, аймақтық қауіпсіздік, аймақтану мәселелеріне, соның ішінде Орталық Азия проблемаларына көңіл бөлуде. Болашақта халықаралық қатынастар және халықаралық ынтымақтастық мәселесіне жіті мән береді деп қоспарлануда. Жаңа сала болып есептелетін саяси транзитология, саяси элитология бағытындағы жұмыстар да әрі қарай тереңдей бермек. Әрине, осы университетіміздің өзіндік флааманын, жетекші жоғары оқу орны ретіндегі позицияларын сақтап қалу үшін кафедра әрқашан өзінің ғылыми-зерттеу компонентін ұлғайтып отыратыны белгілі.

Жалпы, кафедра жүзеге асырылған сараптамалық жұмыстар Президент әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Парламенті, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінен, Білім және ғылым министрлігінен және өзге де мемлекелерден жоғары бағаға ие болып отыр. Бұл соңғы жылдары Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасы тек ұлттық қана емес, халықаралық маңызға ие сараптамалық орталыққа айналып келетін көрсеткіш болып отыр. Әрине, кафедра еңбегі жоғарыда аталғандармен шектелмейді. Алда әлі талай жоспарлар, жүзеге асырылуы тиіс жобалар бар. Бірақ бүгінгі күні әлемнің білім қартасында Қазақстан секілді елдің пайда болуы мен қарқынды дамуына Қазақ ұлттық университетінің орны, ал ғаламдық саясаттану ғылымында Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының орны ерекше деуге толық негіз бар.

Журналистиканың қоғамдағы орны талқыланды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жылдарындағы ақпараттық кеңістік» атты халықаралық ғылыми онлайн-форум өтті. «Айқап» журналының – 110, «Ақиқат» журналының – 100, «Жас Алаш» газеті мен Қазақ радиосының 100 жылдығына орайластырылған ауқымды шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, танымал БАҚ өкілдері қатысты.



Алқалы жиынды ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қазақ журналистикасының бай тарихына тоқталды. XIX ғасырдың соңында пайда болған ол дәуірмен бірге өсіп-жетілді. Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Фани Мұратбаев, Ілияс Жансүгіров, Ахмет Байтұрсынұв сынды қазақ журналистикасының майталмандары мен мақтаныштарын,

көрнекті редакторлар мен журналистерді еске алды. Форум аясында ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп пен ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Сауытбек Әбдірахманов, Жанарбек Әшімжан баяндама жасап, журналистиканың қоғам өміріндегі маңызды рөлін ашып көрсетті. Қазақстан Республикасының Ұлыбританиядағы елшілігінің баспасөз аттасесі Әйгерім

Сейсембаева заманауи публицистиканың өзекті мәселелерін саралады.

Сөз сөйлеушілер «тәуелсіз елмен бірге журналистика да өсті, ал БАҚ өкілдері өздері оқыған және жоғары білікті маман ретінде қалыптасқан дәстүрлерге ыждағаттылықпен қарап, сақтай алды» деген пікірді алға тартты.

Шарада қазіргі журналистиканың қоғамдағы орны кеңінен талқыланды. Пандемияға қарамастан, тікелей эфирде жұмыс істеп, оқырмандар мен көрермендерге шынайы ақпарат беріп жатқан журналистер қауымының жанкешті еңбегі де ерекше аталып өтті.


Сондай-ақ қатысушылар ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің кәсіби маман даярлаудағы үлесін атап өтіп, сол журналистердің отандық БАҚ-та және ел атынан шетелдерде абыроймен қызмет етіп жүргенін тілге тиек етті.

Еліміздің алғашқы жұлғағының 87 жылдық мол тәжірибесі – алдыңғы толқын өкілдерін есте сақтайтын әрі құрметтейтін және уақыттың кез келген сын-қатерлеріне төтеп беретін нағыз мамандардың дәл осында, қарашаның рақта даярланатынын көрсетіп берді.

Өз тілшімізден

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қиыр Шығыс кафедрасында Цукуба университетінің студенттеріне арналған жазғы мектеп ұйымдастырылды. Шара екі жоғары оқу орны арасындағы Campus in campus келісімшарты аясында жүзеге асты.

Жазғы мектепте жапон студенттері тәжірибе алмасады



Ынтымақтастық туралы келісім білім ордаларының өзара ғылыми және білім беру қызметтерімен бөлісуіне, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеу жобалары, сонымен қатар жапон тілін оқыту әдістері бойынша тәжірибе алмасуына жол ашты. Нәтижесінде оқу орнының шығыстану факультетінде «жазғы», «қысқы» мектептерді ұйымдастыру игі дәстүрге айналды. Биыл да пандемия жағдайына байланысты бұл үрдіс жапонтану бөлімінде онлайн форматта өз жалғасын тапты.

Әріптес университет студенттері бұл жолы «Аймақтану. Орталық Азияның тілі, тарихы, мәдениеті» бағдарламасы бойынша білім алды. Жазғы мектептің негізгі үйлестірушісі – кафедраның аға оқытушысы, т.ғ.к. Ж.Ашинова.

Жазғы мектеп кезінде жапондық студенттер «Қазақстанның Орталық Азиядағы саясаты», «XX ғасырдың соңындағы Орталық Азия мемлекеттерінің саясатындағы қайта құрулар», «XX ғасырдың соңындағы Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық ахуалы, дүниежүзілік дағдарыстың әсері», «Қазақстанның Орталық Азия мемлекеттерімен дипломатиялық қарым-қатынасы», «Қазақ және жапон тілдеріндегі ұқсастықтар», «Жапон лингвомәдениетіндегі бақыт ұғымы» тақырыптарына қанықты. Дәрістерді PhD, доцент м.а. Т.Ниномия, Е.Ахапов, аға оқытушы, PhD Балақаева, т.ғ.к., аға оқытушы Ж.Ашинова, с.ғ.д., доцент Д.Мен, аға оқытушылар С.Боранқұлова мен А.Нүрелова сынды білікті сала мамандары жүргізді.



Жапон жастары қазақ халқының ежелгі тарихы мен мәдениеті, әдет-ғұрпы мен дүниетанымына үлкен қызығушылық танытты. Олардың айтуынша, бұл жайлы кітаптан ғана емес, қазақ ғалымдарының өзінен оқып білу аса маңызды. Пікірталас барысында білімгерлер қазақтардың жапон халқымен ұқсас тұстары көп екенін атап өтті.

Бүгінде жапонтану бөлімі оқытушыларының дәрістеріне сұраныс артып келеді. Қазіргі таңда Цукуба университетінен бөлек, Жапон елінің өзге де жоғары оқу орндарының студенттеріне онлайн-дәріс оқу жоспарлануда.

Білім сапасы алаңдатады

Мен бүгінгі таңда 82 жасты артқа тастаған, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессорымын. Мамандығым – физик. Жоғарыда аталған университетке (бұрынғы аты С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті) 1957 жылы түсіп, 1962 жылы бітірдім. Еңбек кітапшамда бір-ақ мекеменің аты жазылған. Ол – Қазақ университеті. Бес жыл осы университеттің студенті, 59 жыл университет қызметкері (инженер, аға инженер, аға оқытушы, доцент, профессор) болып жұмыс істеп келемін. Арасында алты жыл факультет деканының орынбасары, 12 жыл Ядролық физика кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқардым.



Жастар ақымақ емес. Әрі қарай бәрі түсінікті шығар деп ойлаймын. Жастардың көбі университетке диплом үшін ғана келеді. Әрине, олардың бұл тілегін кез келген ЖОО қанағаттандырады. Себебі олар ақшасын әкеліп тұр ғой! Университет сол қаражатқа жыртқығын бүтіндеп, қызметкерлеріне, оның ішінде ұстаздарға жалақы төлеп жатыр. Бұл жағдай ұстаз бен студент арасындағы түсіністікті толық реттейді: студенттің алған білімінің сапасы 50 пайыз университетке, 50 пайыз студентке тәуелді деген қағида далада қалады. Студент – клиент, ұстаз – қызмет көрсетуші болып шыға келеді.

Ұстаз (қызмет көрсетуші) үшін студенттің (клиенттің) тілегі – заң. Студент: «Маған ешқандай білімнің керегі жоқ, себебі маған ол білімнен келер еш пайда жоқ, маған тек диплом керек», – деп тұрса, ұстаз да, билік те еш шара қолдана алмайды. Ұстаз студенттің асты-үстіне түсіп, оның бар тілегін бұлжытпай орындауға тырысып бағады. Семестрде екі рет аралық бақылауға (АБ-1, АБ-2), бір рет

midterm-ге, бір рет қорытынды емтиханға «4» пен «5» деген баға қояды. Орташа («3») қоюға болмайды. Студент стипендияға ілінбей қалады. Ал стипендиясыз студент бұл оқу орнына өкпелеп, басқа ЖОО-ға ауысып кетсе, «қатал» ұстаз өте ыңғайсыз жағдайда қалады.

Білім жүйесі осындай өте бір ыңғайсыз шараларға итермелеп тұрса, ұстаз не істей алады? Бұл мәселені әртүрлі деңгейде арнайы және кеңінен талқылау керек деп ойлаймын.

Әділхан ӘБІЛДАЕВ,
ф.-м. ғ. к., профессор



Әйгерім
ӘЛІМБЕКОВА

Әл-Фараби университеті – маған білім беріп тәрбиелеген ұстазым, ғалым, ұстаз дәрежесіне дейін көтеріп қалыптастырған мекеме. Университет менің жұмыс орным ғана емес, ол – менің үйім, атам мен анам. Аумалы-төкпелі тоқсаныншы жылдарда замандастарым жекеменшік оқу орындарын ашып, мені жоғары жалақымен кафедра меңгерушісі, проректор қызметтеріне шақырды. Бірақ мен соның ешқайсысына бармадым, бәрінен бас тарттым. Әкем мен шешемдей, туып-өскен үйімдей болып кеткен университетімді қимадым.

Бүгінде мені қатты толғандыратын мәселе – еліміздің білім жүйесіндегі проблемалар. Проблемалардың көптігі сондай – олардың тек аттарын тізіп шығу үшін алдыңыздағы газеттің бір беті жетпейді. Соның бәрі жиналып келіп еліміздегі білім сапасының деңгейін төмендетіп жіберді. Бұндай келеңсіз жағдайдың орын алуының басты себебі – білім мен ғылымға деген сұраныстың мүлдем жоқтығы. Ал сұранысқа ие болмаған дүниені оқып, зерттеп, игерудің қажеті не?

1962 жылы АҚШ президенті Джон Кеннеди «Мұнай туралы ұмытыңыз, су туралы ойлаңыз» деген екен. Расымен де, өткен ғасырдың 60-жылдары Арал дағдарысы басталды. Жарты ғасырды артқа тастадық, бірақ мәселе өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қайта «жығылғанға жұдырық» дегендей, енді Балқаштың «бас ауруына» кез болды. Өйткені Арал теңізінің тағдыры Балқашта қайталануы мүмкін. Бұл – біздің емес, халықаралық сарапшылардың ескертуі.



Балқаш көліндегі судың ластануы – мәселенің бергі жағы. Өйткені жағдайды өз ырқына қоя берсек, тағы біраз жылда ластанатын да су таппай қалуымыз бек мүмкін. Орталық маманының сөзіне сүйенсек, Балқаш көлінің судеңгейі мен ауданындағы дина-

және Қаш өзендері. Олардың арасында Текес Хан Төңірінің солтүстігінен бастау алады, ал Күнес және Қаш өзендері Қытайдағы Тянь Шань тауларынан бастау алады. Бұл үш өзен таулардағы мұздықтардың еруінен пайда болады. Балқаш көлінің негізгі


– Зерттеу объектісі ретінде Қытайдың Қазақстанмен шекарасы Хочэн, Чапал-Сибоск автономды уезі, Құлжа, Іле-Қазақ автономды округі аймақтары алынды. Қытайдың Іле өзені бойындағы жалпы ауданы 132 мың гектарға жуық жерінің егістік алқаптары есептелді. Нәтижесінде осы аумақтағы егістік алқабының көлемі 2018 жылы 35 мың гектар болса, 2020 жылы 64 мың гектарға жеткені анықталды, – дейді Гауһар Батай.

Ғалымдар «1995 жылдан бастап 2015 жылға дейін Қытай жағынан суармалы егістік алқаптарының көлемі 30 пайызға артты. Ал Қазақстан жағынан айтарлықтай ұлғайған жоқ» деп баға беруде.

– Қытайдағы Іле өзені Шыңжаңдағы ауыл шаруашылығына өте қолайлы. Онда жүгері, мақта және күріш егілген алқаптар 2004 жылмен 2010 жылды салыстырғанда едәуір ұлғайған. Мәселен, 2010 жылы жүгері 183 мың гектардан 2014 жылы 342 мың гектарға, 2010 жылы күріш 121 мың гектардан 2014 жылы 194 мың гектарға дейін өскен, – деді Жерді қашықтықтан зондтау орталығының маманы.



Қазақстанда Іле өзені бассейнінде Қазақстанның суармалы алқаптарының көп бөлігі орналасқан. Статистикаға сүйенсек, оның ішінде 447 мың га – суармалы егістіктер, 41 мың га – жайылымдық және 11 мың га – шабандық жерлер. Негізгі дақыл – бидай. Басқа маңызды дақылдар – жүгері, қант қызылшасы, темекі, жемістер, көкөністер және күріш.



Гауһар Батай жұмыс барысына қысқаша тоқталып өтті. Оның айтуынша, Іле өзенінің бойындағы егістік алқаптарын бағалау үшін NDVI индексі есептелген. NDVI (нормаланған вегетациялық индекс) стандартталған және өсімдік пен оның жағдайын, салыстырмалы биомассасын көрсетеді. Сондай-ақ ол құрғақшылық, су беті мониторингі, ауыл шаруашылығы өндірісінің мониторингілеу, болжау және шөлдің басталу картасын жасау үшін пайдаланылады.

Кәмила ДҮЙСЕН

Балқаштағы «бәсеке»: ЭКОНОМИКА V/S ЭКОЛОГИЯ



ганец, висмут, мыс, сынап, никель, кадмий бар. Олардың көптеген қосылыстары, әсіресе тұздары, организм үшін зиянды. Олар тағам, су, ауа арқылы ағзаға түскенде ыдырамайды. Бүйрек, бауыр, буын секілді т.б. адамның дене мүшелерінде жиналып, денсаулыққа қауіп төндіреді. Сондықтан ауыр металдардың қоршаған ортадағы мөлшері белгіленген шамадан аспауы керек, – дейді Жерді қашықтықтан зондтау орталығының маманы Гауһар Батай.

Орталық өкілдері Балқаш көлінің ауыр металдармен ластануын зерттеген екен. Жұмыс барысында Экологиялық мониторинг департаментінің еліміздегі қоршаған ортаның жай-күйі жөніндегі ақпараттық бюллетенін негізге алған.

– Сынамалар Балқаш көліне құятын Іле және Қаратал өзендері бойындағы Жиделі, Бақанас, Бақанас көпірі, Д.Қонаев атындағы көпір, Тамғалытас, Қаратал және Үштөбе ауылдарынан алынды. Осы мәліметтер негізінде Балқаш алабының жер беті суларының ауыр металдармен ластануының картасы құрастырылды (1а, 16 суреттер). Салыстырмалы нәтиже алу үшін 2017 және 2020 жылғы мәліметтерді пайдаландық.

Нәтижесінде соңғы жылы ауыр металдар мөлшері айтарлықтай өскені анықталды. Мысалы, Іле өзені бойындағы Тамғалытас патшалында күшән 1,2 шекті рұқсат етілген төгінділер (ШЖШ) бойынша нормадан асқан. Ал Жиделі ауылы маңында күшән 3,1 ШЖШ бойынша, Іле өзенінде орналасқан Д.Қонаев атындағы көпір аумағында күшән 3,6 ШЖШ бойынша нормадан артық. Қаратал өзеніндегі Үштөбеде күшән 1,3 ШЖШ, қорғасын 1,4 ШЖШ бойынша нормадан асқан, – деді Гауһар ханым.

БАЛҚАШ КӨЛІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫСЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ҚҰРҒАҚ АЙМАҒЫНДА ОРНАЛАСҚАН ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ЖАҒЫНАН ҚҰМ МЕН ҰСАҚ ШОҚЫЛАРМЕН ҚОРШАЛҒАН. КӨЛ АҒЫНСЫЗ ҚҰРЛЫҚШІЛІК СУ АЙДЫНДАРЫ САНАТЫНА ЖАТАДЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАҢДАҒЫ ЕҢ ІРІ КӨЛДЕРДІҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. АУДАНЫ ҚҰБЫЛМАЛЫ: 17 – 22 МЫҢ КМ², ҰЗЫНДЫҒЫ 600 КМ-ДЕН АСТАМ, ЕНІ ШЫҒЫС БӨЛІГІНДЕ 9 – 19 КМ, БАТЫС БӨЛІГІНДЕ 74 КМ-ГЕ ЖЕТЕДІ. ТАБИҒИ БӨГЕТ – ҰЗЫНАРАЛ ТҮБЕГІМЕН БАТЫС ЖӘНЕ ШЫҒЫС БАЛҚАШ БОЛЫП БӨЛІНЕДІ.

ҚЫТАЙДАҒЫ ІЛЕ ӨЗЕНІНІҢ БОЙЫНДАҒЫ ЕГІСТІК АЛҚАПТАРЫНЫҢ АУДАНЫ 2018 ЖЫЛЫ 35 МЫҢ ГЕКТАР БОЛСА, 2020 ЖЫЛЫ 64 МЫҢ ГЕКТАРҒА ЖЕТКЕН. 1995 ЖЫЛДАН БАСТАП, 2015 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ОЛ ЖЕРДЕГІ СУАРМАЛЫ ЕГІСТІК АЛҚАПТАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ 30 ПАЙЫЗҒА АРТҚАН.


МЫРЫШ, ҚОРҒАСЫН, ҚАЛАЙЫ, МАРГАНЕЦ, ВИСМУТ, МЫС, СЫНАП, НИКЕЛЬ, КАДМИЙ СЕКІЛДІ АУЫР МЕТАЛДАРДЫҢ ҚОСПАСЫ, ӘСІРЕСЕ ТҰЗДАРЫ, ОРГАНИЗМ ҮШІН ЗИЯҢДЫ. ОЛАР АҒЗАҒА ТҮСКЕНДЕ ЫДЫРАМАЙДЫ. БҮЙРЕК, БАУЫР, БУЫН Т.Б. АҒЗАДА ЖИНАЛЫП, ДЕНСАУЛЫҚҚА ҚАУІП ТӨНДІРЕДІ.

микалық өзгерістер Іле өзеніне тікелей байланысты екен. Сондықтан ғарыштық кескіндер негізінде өзенге талдау жүргізілді.

– Көлге бес өзен құяды. Олардың ішіндегі ең ірісі – Іле өзені. Ол тұщы судың жалпы ағынының 80 пайызын береді. Атырауы Батыс Балқашпен аяқталады. Ал Қаратал, Ақсу, Лепсі және Аягөз өзендері көлдің шығыс бөлігіне келіп құйылады. Олардың көлдегі жиынтық ағыны – 20 пайыз. Жалпы ауданы 8000 км² болатын Іле дельтасы – Орталық Азиядағы ең үлкен табиғи дельта және сулы-батпақты кешен. Бұл өзен Іле атырауы және Балқаш көлі сияқты табиғи жағалаудағы экожүйелерді сақтап қалу үшін маңызды, – дейді Гауһар Батай.

Іле – Қытай мен Қазақстан Республикасы арқылы өтетін трансшекаралық өзен. Оның жоғарғы ағысы Қытайда орналасқан. Онда үш бастау бар – Текес, Күнес

ағыны Қытай мен Қазақстанды қамтитындықтан, ондағы судеңгейі төмендеген сайын Қытай мен Қазақстан үшін ортақ мәселе туғызады.



Жалпы рейтингте химиктер алда келеді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде онлайн режимде Ғылыми кеңес мәжілісі өтті. Онда 2020/21 оқу жылындағы индикативтік көрсеткіштердің орындалуы және оқытушы профессорлар құрамы, кафедралар мен факультеттер рейтингісінің қорытындылары талқыланды.



2020/21 оқу жылындағы индикативтік көрсеткіштер бойынша Стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшарат Минажева хабарлама жасады. Орталық жетекшісі индикативтік жоспардың қазіргі таңда жалпы университет қызметін, оның ішінде оқытушы, кафедра, факультет жұмыстарын реттеу және жоғары оқу орнының жаһандық рейтингтегі көрсеткіштерін жақсартудың үздік құралдарының бірі екенін жеткізді.

Білім ордасының биылғы индикативтік жоспары оқытушылар үшін үш бағыттан: оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және әлеуметтік-тәрбие жұмыстарынан тұрса, кафедра деңгейінде төртінші бағыт – бедел бағасы қосылды. Бұл бағыттар өз ішінде көптеген көрсеткіштерді қамтитыны белгілі. Атап өтсек, қос диплом және бірлескен білім бағдарламалары, Scopus-тағы жарияланымдар, дәйексөздер келтіру,

ғылыми жобалар, студенттік шақиртақы көлемі, имидждік мақалалар, сонымен қатар сарапшылар бойынша мәліметтер базасын қалыптастыру, академиялық сарапшылар және жұмыс берушілер сауалнамасы бойынша көрсеткіштер және т.б.

– Университетте негізінен ғылыми-зерттеу жұмыстарына басымдық беріледі, сондықтан жоспарда осы бағыт үлкен коэффициентке ие. Индикативтік жоспар жыл басында бекітіледі және оның барлық көрсеткіштері халықаралық рейтингтердің индикаторларымен сәйкестендірілген, – деді Гүлшарат Салауатқызы.

Стратегиялық даму орталығының директоры алдымен биылғы рейтинг қорытындысы бойынша жоғары балл жинап, көш бастаған жетекші ғалымдар мен профессорлар тізіміне тоқталды. Олар: Қайрат Дәулетов, Әлібек Исахов, Тілекқабұл Рама-

занов, Сулейман Аллахбердиев, Thierry Djenizian, Амангелді Бисенбаев, Көмеш Тоқтархан, Жандос Молдабеков, Зәуре Ракишева, Болатхан Заядан және басқалар.

Кафедра деңгейіндегі көрсеткіштерге келсек, оқу-әдістемелік жұмыс бойынша алғашқы үздік үштік: Теплофизика және техникалық физика; Теориялық және ядролық физика; Қиыр Шығыс кафедралары. Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша: Денсаулық сақтау саясаты және ұйымдастыру; Археология, этнология және мұрағаттану; Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедралары. Әлеуметтік-тәрбие жұмыстары бойынша: Тілдік және жалпы білім беру; Дипломатиялық аударма; Мерзімді және электронды БАҚ кафедралары. Ал бедел бағасы бойынша: Дінтану және мәдениеттану; Қазақстан тарихы; Дүниежүзі тарихы, Тарихнама және деректану кафедралары озық көрсеткішке ие болды.

Аталған төрт бағыт көрсеткіштері қосындысында 66 кафедра арасынан Денсаулық сақтау саясаты және ұйымдастыру; Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы; Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедралары үздік нәтиже көрсетіп отыр.

Ал факультеттердің жалпы рейтингінде химия және химиялық технологиялар факультеті өткен жылғы алғашқы орнын сақтап қалды. Екінші орында – заң факультеті, үшінші орынға физика-техникалық факультеті тұрақтады.

Мәжілісте оқу орнының сан қырлы қызметінің көрсеткіші болып табылатын стратегиялық маңызы зор жоспарға механика-математика факультетінің деканы Дәурен Жакебаев бастаған арнайы топ сараптама жасап, өз ұсыныстарын көпшілік талқысына ұсынды. Комиссия мүшелері индикативтік жоспардың артықшылықтарын айта келе, жоғары көрсеткіштері бар қызметкерлерді ынталандыру маңызды қағидат болып қалатынын атап көрсетті.

Сондай-ақ жиында 2020/21 оқу жылындағы білім беру қызметіне әлеуметтік рейтингінің нәтижелері, диссертациялық кеңес туралы ереже және білім ошағындағы диссертациялық кеңестер құрамын бекіту, ғалымдардың монографияларын баспаға ұсынуы сынды күн тәртібіндегі түрлі мәселелер қаралды.

Ә.ӘЛІМБЕКОВА

Алматыдағы «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығының басшылығы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне алғыс хат жолдады.

«Бөбек» орталығынан алғыс хат



Оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаевтың атына келіп түскен құжатта орталық басшылығы ғарыштық білім беру бойынша «Бөбек» ҰҒПББСО обсерваториясы базасында өткен маңызды шараларға, атап айтқанда «Ғарышқа жол» халықаралық



форумы, Төкен Омаров атындағы астрономия және ғарыш физикасы бойынша оқушылардың республикалық ғылыми жарысы және облыстық физика-математикалық мектептердің білімгерлеріне арналған астрономиялық практикумына белсене қатысып, жан-жақты қолдау көрсеткені үшін ризашылығын білдірді.



«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары: Гүлмира Яр-Мұхамедова, Нұрсұлтан Досжан, Ғұлама-Ғарип Әлішер Ибраев, Мұхағали Қаламбай, Салтанат Иманқұлова, Мейрамгул Алпысбайлардың кәсіби шеберліктерінің арқасында аталған шаралар өз мақсатына, дәлірек айтқанда, ғылымды насихаттау және ҚР мектеп оқытушыларының астрономия, ғарыш физикасы және космонавтика салаларындағы білім деңгейін арттыруға қол жеткізді», – делінген хатта.

«Бөбек» ҰҒПББСО бас директоры Е.Сәженова Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға ынтымақтастық үшін алғыс айта отырып, серіктестіктің сәтімен жалғасарына сенім білдірді және ұжымға жаңа кәсіби жетістіктер тіледі.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Философия және саясаттану факультетінде білім беру сапасын жоғарылату, жаңашылдыққа негізделген бағдарламаларды айқындау, озық тәжірибелермен бөлісу және оқытушыларды ынталандыру мақсатында профессор-оқытушы құрамының арасында мамыр айында «Оқу үдерісін үздік әдістемелік қамтамасыз ету» бағытында конкурс өткізілді.

Үздіктер анықталды

Конкурс аясында 7 номинация қарастырылды: «Үздік ПОӘК (УМКД)», «Үздік оқу құралы», «Үздік ғылыми басылым», «Үздік БАОК (МООК)», «Үздік ашық сабақ», «Үздік видеодәріс» (асинхронды), «Үздік біліктілікті арттыру курсы».

Конкурсқа Үздік ПОӘК (УМКД) номинациясы бойынша – 11 жұмыс, «Үздік оқу құралы» – 22 автордан 10 еңбек, «Үздік ғылыми басылым» – 10 автордан 6 монография, «Үздік БАОК (МООК)» – 11 автор-оқытушыдан 5 онлайн курс, «Үздік ашық сабақ» – 5 оқытушы тарапынан 5 ашық сабақ, «Үздік видеодәріс» (асинхронды) – 3 үміткерден видеодәріс, «Үздік біліктілікті арттыру курсына» – 4 курс ұсынылды. Бұл ұсынылған жұмыстардың барлығы әр кафедра деңгейінде өткізіл-

ген жарыстың жеңімпаздары. Осы конкурстың ұйымдастырылып, өткізілуінде факультет пен кафедралардың әдістемелік бюро жұмысын ерекше атап өтуге болады, сонымен қатар факультеттің академиялық кеңесі де үздіктерді анықтап, жеңімпаздарды айқындауда өзіндік үлес қосты. Конкурстық комиссия құрамы факультеттің Әдістемелік және академиялық кеңесі мүшелерінен жасақталды. Факультеттің білім беру сапасын өз деңгейінде ұстап тұру мен арттыру үшін өткізілген бұл конкурстың өзінің бағалау өлшемдері жасалды, яғни барлық өлшемдер білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз етудің жоғары сапасына негізделген.

Конкурс нәтижесі бойынша «Үздік ПОӘК (УМКД)» – Лифанова Татьяна Юрьевна, «Үздік оқу құралы» – Ғабитов Тұрсын Хафизұлы, «Үздік ғылыми басылым» – Мағауова Ақмарал Сабитоллақызы, «Үздік БАОК (МООК)» – Жолдубаева Ахар Қуанышбекқызы, «Үздік ашық сабақ» – Мустафина Айгул Сергеевна, «Үздік видеодәріс» (асинхронды) – Борецкий Олег Михайлович, «Үздік біліктілікті арттыру курсы» – Мадалиева Забира Бекешқызы жеңімпаздар қатарынан табылды.



Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметте шығармашылық ыңғай танытып, университеттің академиялық саясаты және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету талаптарына сәйкес жұмысын ұйымдастырып жүрген әріптестерімізге толағай табыстар тілейміз.

Оқу үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету әрбір оқытушының міндеті екені аян, дегенмен

де осындай іс-шаралар өткізу арқылы алдыңғы қатарлы тәжірибелерді анықтап, үлгі ретінде көпшілік назарына ұсыну арқылы білім беру сапасын арттыруға да өзіндік үлес қосу мүмкіндігі болады деген сенімдеміз.

Әлия ӨМІРБЕКОВА,
философия және саясаттану факультетінің деканы м.а.

Детство мое проходило бурно, я любил играть и бороться с ребятами в ауле. Мне очень нравилась борьба. Со временем, когда я подрос меня начало вдохновлять победы великих спортсменов по борьбе. На тот момент, я четко поставил себе цель вплотную заниматься спортом и достичь высоких результатов в спорте.

КазНУ – золотой пьедестал



В 2008 году поступил в Казахский национальный университет им. Аль-Фараби на специальность «Физическая культура и спорт». КазНУ им. Аль-Фараби считается главным высшим учебным заведением в нашей стране и входит в топ-200 самых лучших ВУЗов в мире. До сих пор помню мой первый день, когда я пришел на кафедру физического воспитания и спорта...я словно очутился в новом мире. Мир знаний и науки, где лекции студентам читают профессора и опыт-

ные преподаватели с многолетним стажем работы. Профессорско-преподавательский состав кафедры очень сильный и материально-техническая база оснащена современным инвентарем. Инфраструктура очень развита, есть все условия для самореализации студентов. Здесь получали знание все лучшие спортсмены нашей страны.

Студенты-спортсмены моего университета достигают высоких результатов не только в науке, но и в спорте, наши спортивные команды и

студенты-спортсмены выигрывают многие международные и республиканские спортивные соревнования. Они достигают высоких результатов в всех видах спорта. Моими достижениями в период обучения является то, что я стал мастером спорта по дзюдо и самбо, чемпионом Азии, серебряным призером Чемпионата Мира по самбо, неоднократным победителем и призером международных и республиканских соревнований по дзюдо. Все мои спортивные достижения я достиг благодаря поддержке моего университета. Здесь же я в 2014 году я успешно закончил магистратуру. На данный момент я являюсь директором «Научно-практического центра физической культуры» Управления образования акимата Жамбылской области.

Искренне желаю постоянного престижа и высокого статуса для университета, больших возможностей для самореализации студентов и высоких стремлений преподавателей! И пусть будущие поколения студентов будут достойны своих предшественников и каждый найдет свою Олимпийскую вершину!

Амангали ЖАРТЫБАЕВ,

мастер спорта по дзюдо и самбо

■ Біздің оқырман



**Биология ғылымының докторы,
репродуктолог-эмбриолог
Салтанат Берденқызы Байқошқарова**



Суретті түсірген – Досжан Балабекұлы

Поход в исторические места

При поддержке локального профсоюза «Парасат» работников КазНУ им. Аль-Фараби и профгоргов физико-технического факультета был организован однодневный выездной тур преподавательского состава Физико-технического факультета, а также и их детей на озеро Иссык, которое находится в Иссыкском ущелье Заилийского Алатау.

Участники тура выходного дня посетили Государственный историко-культурный заповедник-музей, расположенный на территории Иссыкского некрополя, где была найдена самая «громкая» археологическая находка Казахстана – усыпальница «Золотого человека». Иссыкский «Золотой человек» найден археологами в 1970 году. Воин, облаченный в золотой костюм с алмазы вставками и высокий конусообразный шлем, стал государственным символом страны. Обнаруженное погребение сакского царевича, поражающее своим богатством и содер­жательностью, замечательно тем, что это единственное не разграбленное захоронение в Центральной Азии, дошедшее до

нас в нетронутым виде. В нем обнаружили более 4000 пластин и блях из чистого золота. Также среди сокровищ лежала шкатулка с зеркальцем, частицами охры, украшениями, оружием и сосудами. Особую ценность представляла серебряная чаша с надписи на неизвестном древнем языке. По украшениям со звериными орнаментами и конусообразному головному убору стало понятно, что несколько тысяч лет тому назад на землях Семиречья кочевали сакские племена. Извлеченный из гробницы воин был саком-тиграудом. По всей вероятности он проживал в 4-5 столетие до н.э., умер в 18-25 летнем возрасте, его рост составлял около 165 см.



Следующей остановкой участников тура стало озеро Иссык, где профорггами физико-технического факультета были организованы спортивные мероприятия: перетягивание каната, бег в мешках, эс-

тафета с яйцом, надувание шаров на скорость, и т.д. В соревнованиях приняли участие как преподаватели, так и их дети, которые за участие в соревнованиях получили призы. Затем экскурсанты посетили Фо-

релевое хозяйство, где смогли порыбачить и сфотографироваться на память.

Основной целью данного мероприятия, тимбилдинга, стало формирование общей сплоченности преподавательского состава за пределами факультета. Задачами тимбилдинга стали: формирование навыков командной работы, воспитание командного духа, непосредственно создание команды путем проведения конкурсов, игр, на природе. В ходе однодневного тура на озере Иссык было получено большое количество эмоций, позитива, и самое главное, сотрудники хорошо провели время на природе, зарядившись бодростью и энергией благодаря поддержке локального профсоюза «Парасат» КазНУ им. Аль-Фараби и хорошей организации культурного досуга профгоргов физико-технического факультета.

ДИСМАИЛОВ

председатель профбюро физико-технического факультета

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

Басқарма Төрағасы - Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Имидждік саясат және қоғаммен байланыс департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
Кәмила ДҮЙСЕН,
Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №302, 304 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.